ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 желтоқсан №7119-24-00-2/15933 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Серикбаев Роллан Тлебалдинович «Premium» Жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер Серикбаев Роллан Тлебалдинович «Premium» Жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануы және тұрақсыздық айыбын өндіруі туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Серикбаев Роллан Тлебалдинович «Premium» Жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Серикбаев Роллан Тлебалдинович «Premium» Жеке кәсіпкерін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 18 720 (он сегіз мың жеті

Документ подписан: Кусманова А. К., 19.12.2024
Дата вступления в законную силу: 28.01.2025, судья Сарсекеев К. Е., 28.01.2025
7119-24-3-1/15428

жүз жиырма) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 562 (бес жүз алпыс екі) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Серикбаев Роллан Тлебалдинович «Premium» Жеке кәсіпкерін мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Құсманова**

Документ подписан: Кусманова А. К., 19.12.2024

Дата вступления в законную силу: 28.01.2025, судья Сарсекеев К. Б., 28.01.2025

7119-24-3-1/15428